

Тимирязев ауданының кәсіпорындары мен ұйымдарында мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Күші жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 2009 жылғы 3 наурыздағы N 39 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Тимирязев ауданының Әділет басқармасында 2009 жылғы 24 наурызда N 13-12-86 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 2 сәуірдегі N 76 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев аудандық әкімдігінің 02.04.2013 N 76 қаулысымен

2001 жылы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7-бабы 5-2) тармақшасына, 2005 жылғы 13 сәуірдегі Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Заңының 31-бабы 1) тармақшасына сәйкес, аудан әкімдігі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Аудан кәсіпорындары мен ұйымдарында жұмыс орындарына жалпы санының үш пайызы мөлшерінде мүгедектер үшін жұмыс орындары квотасы белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары И. В. Циммерманға жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін күшіне енеді.

Аудан әкімі

Б. Жұмабеков